

DOI 10.54596/2958-0048-2026-2-204-210

ӘОЖ 930.2

ҒТАМА 03.20

**БИОГРАФИЯЛЫҚ НАРРАТИВ – ҰЖЫМДЫҚ ЖАД КӨРІНІСІ:
ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТӘШЕНОВ ТУРАЛЫ ТАРИХ ҚАЛАЙ БАЯНДАЛАДЫ**

Ильясова Г.С.¹, Шупанова Ж.Ж.^{1*}

^{1*} «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ,
Петропавл, Қазақстан

*Хат-хабар үшін автор: shupanova.zhaniya@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада биографиялық нарратив ұжымдық жады мен ұлттық бірегейліктің формасы ретінде қарастырылады. Биографиялық нарратив – адамның өзінің өмірі туралы құрып, үнемі қайта қарастырып отыратын, сол арқылы тұлғалық бірегейлігін қалыптастыратын, өмір жолын түсінуге және өзі туралы әлемге хабарлауға мүмкіндік беретін байланысты әрі мағыналы тарих. Зерттеуде биографиялық нарратив Қазақстанның жаңа кезеңіндегі танымал мемлекет қайраткері Жұмабек Ахметұлы Тәшеновтің өмірі мен қызметін талдауда қолданылды.

Зерттеу барысында авторлар нарративтік, дискурстық және герменевтикалық талдау әдістерін пайдаланды. Дереккөздер базасын мемлекет қайраткері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы Ж. Тәшеновтің өмірі мен қызметіне қатысты ғылыми жарияланымдар, мемуарлар мен медиа-материалдар құрады.

Зерттеу нәтижелері Ж.Тәшенов бейнесінің тарихи репрезентация және ұлттық құндылықтарды символдық заңдастыру функцияларын атқаратынын, ал биографиялық нарратив ұжымдық жады мен патриоттық сананы нығайтудың құралы болып табылатынын көрсетті. Авторлар зерттеу барысында жеке тұлғаның өмірбаяны мәдени жадының элементіне қалай трансформацияланатынын ашып көрсете алды.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, биографиялық нарратив, ұжымдық жады, Жұмабек Тәшенов, бірегейлік, мәдени жады, білім, қызмет.

**БИОГРАФИЧЕСКИЙ НАРРАТИВ – ОТРАЖЕНИЕ КОЛЛЕКТИВНОЙ ПАМЯТИ:
КАК РАССКАЗЫВАЕТСЯ ИСТОРИЯ
ЖУМАБЕКА АХМЕТОВИЧА ТАШЕНОВА**

Ильясова Г.С.¹, Шупанова Ж.Ж.^{1*}

^{1*} НАО «Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева»,
Петропавловск, Казахстан

*Автор для корреспонденции: shupanova.zhaniya@mail.ru

Аннотация

В статье рассматривается биографический нарратив как форма коллективной памяти и национальной идентичности. Биографический нарратив – это связанная и осмысленная история о собственной жизни, которую человек создает и постоянно пересматривает, чтобы обрести идентичность, понять свой путь и сообщить о себе миру. В исследовании биографический нарратив применен при изучении жизни и деятельности известного государственного деятеля Казахстана новейшего периода Жумабека Ахметовича Ташенова.

В исследовании авторами использованы методы нарративного, дискурсивного и герменевтического анализа. Источниковую базу составили научные публикации, мемуары и медиа-материалы, связанные с жизнью и деятельностью государственного деятеля, Председателя президиума Верховного Совета Казахской ССР Ж. Ташенова.

Результаты исследования показали, что образ Ж.Ташенова выполняет функции исторической репрезентации и символической легитимации национальных ценностей, а биографический нарратив выступает средством укрепления коллективной памяти и патриотического сознания. Авторами в исследовании удалось показать, как индивидуальная биография трансформируется в элемент культурной памяти.

Ключевые слова: история Казахстана, биографический нарратив, коллективная память, Жумабек Ташенов, идентичность, культурная память, образование, деятельность.

BIOGRAPHICAL NARRATIVE AS A FORM OF COLLECTIVE MEMORY: HOW THE STORY OF ZHUMABEK AKHMETOVICH TASHENOV IS TOLD

G.S. Ilyassova¹, Zh.Zh. Shupanova^{1*}

^{1*}*Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan*

**Corresponding author: shupanova.zhaniya@mail.ru*

Abstract

The article examines biographical narrative as a form of collective memory and national identity. A biographical narrative is a coherent and meaningful story about one's own life that a person creates and continually revises in order to form an identity, understand their life path, and convey their story to the world. In this study, the biographical narrative approach is applied to the life and activities of Zhumabek Akhmetovich Tashenov, a prominent statesman of Kazakhstan's recent history.

The authors used narrative, discursive, and hermeneutic analysis methods in their research. The source base consists of scholarly publications, memoirs, and media materials related to the life and activities of the statesman, Chairman of the Presidium of the Supreme Council of the Kazakh SSR, Z. Tashenov.

The results of the study show that the image of Z. Tashenov performs the functions of historical representation and symbolic legitimization of national values, and that the biographical narrative serves as a means of strengthening collective memory and patriotic consciousness. The authors were able to demonstrate how an individual biography is transformed into an element of cultural memory.

Keywords: history of Kazakhstan, biographical narrative, collective memory, Zhumabek Tashenov, identity, cultural memory, education, activity.

Кіріспе

Қазіргі гуманитарлық ғылымдарда биографиялық нарратив феноменіне – ұжымдық және жекелік жадтың ерекше көрінісі ретінде айрықша назар аударылады. Биографиялық нарратив – бұл адам өмірінің жай ғана хронологиялық баяндауы емес, оның өмір жолын тарихи, мәдени және әлеуметтік контекстілер арқылы интерпретациялау тәсілі. П. Рикёр атап өткендей, нарративтік құрылым адамның өмірін тұтас жүйеге біріктіріп, оған мағыналық және уақыттық сабақтастық береді [1]. Осылайша, биографиялық нарратив тек баяндау амалы ғана емес, жадты құрастыру мен ұлттың тарихи санасын қалыптастыру тетігі болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі биографиялық нарративтің посткеңестік кеңістіктегі ұжымдық жадты жаңғыртудың маңызды тетігіне айналуымен айқындалады. Қазіргі жаһандану және ұлттық бірегейлікті қайта пайымдау жағдайында тұлғалар өмірін баяндау арқылы қоғам өз тарихи тамырларын, рухани құндылықтарын қайта жаңғыртады. Осы тұрғыда Жұмабек Ахметұлы Ташеновтің өмір жолы мен қызметі жеке тағдыр арқылы тарихи кезеңнің қоғамдық сипатын көрсетіп, ұлттық жадтың символдық өзегіне айналған ерекше мысал болып табылады.

Биографиялық нарратив мәселесі әлемдік және отандық ғылымда кеңінен қарастырылған. Нарративтік тәсілдің философиялық негіздерін П. Рикёр [1], ұжымдық жад ұғымын М. Хальбвакс [2], ал мәдени жад теориясын Я. Ассман және А. Ассман [3,4] дамытқан.

Қазақстандық ғылымда Ж. Тәшеновтің өмірі мен қызметі С. Дүйсен мен Қ. Еңсеневтің [5] еңбегінде, сондай-ақ М. Қозыбаев атындағы СҚУ хабаршысы, «Қазақ тарихы» [6, 7, 8] сияқты журналдардағы мақалаларда талданған. Дегенмен, Ж.Тәшенов тұлғасының бейнесі биографиялық нарратив пен ұжымдық жад тұрғысынан жүйелі түрде арнайы зерттелмеген.

Қазіргі таңда Ж. Тәшенов туралы өмірбаяндық және тарихи еңбектер көп болғанымен, оның бейнесінің қоғамдық санада қалай қалыптасқаны және қандай нарративтік құрылым арқылы репрезентацияланатыны толық зерттелмеген. Мәселе – жеке өмірбаянның ұжымдық тарихи жадқа және ұлттық мәдени кодқа қалай айналатынын анықтау. Мақаланың зерттеу нысаны биографиялық нарративтің ұжымдық жад формасы ретіндегі қызметі, ал зерттеу пәні – Жұмабек Ахметұлы Тәшенов туралы қалыптасқан биографиялық нарратив, оның мазмұны, құрылымы және қоғамдық қабылдану ерекшеліктері болып табылады. Зерттеу барысында Жұмабек Тәшенов туралы биографиялық нарративті ұжымдық жад феномені ретінде талдау, оның құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ ұлттық тарихи санадағы рөлін айқындалады.

Ж. Тәшеновтің өмірі мен қызметін зерделеу бір жарқын өмірбаянның объективі арқылы бүкіл дәуірдің логикасын, Кеңес өкіметінің тетіктерін және Қазақстандағы көптеген заманауи процестердің бастауларын түсінуге мүмкіндік беретін өзекті тарихи зерттеу болып табылады. Біріншіден, тәуелсіз Қазақстанның саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымын түсіну үшін; екіншіден, ұлттық тарихи жадыны қалыптастыру үшін; үшіншіден, басқару сабақтарын түсіну және тиімсіз реформаларды зерттеу үшін маңызды болып табылады.

Зерттеу әдістемесі

Бұл зерттеу сапалық сипатқа ие және нарративтік, дискурстық және мәдени-герменевтикалық талдау әдістеріне сүйене отырып жүргізілді. Зерттеудің басты мақсаты – Жұмабек Ахметұлы Тәшенов туралы биографиялық нарративтің қалай қалыптасатынын, оны құрайтын дереккөздер мен оның ұжымдық жадтағы қызмет ету тетіктерін анықтау.

Зерттеу жұмысының дереккөздік негізін Қазақстан тарих ғылымының материалдары құрды. Біріншіден, баспа және электронды биографиялық еңбектер, соның ішінде С. Дүйсен мен Қ. Еңсеневтің «Жұмабек Тәшенев» [5] атты монографиясы; екіншіден, ғылыми мақалалар, М. Қозыбаев атындағы СҚУ хабаршысы, Қазақ тарихы және басқа да республикалық басылымдарда жарық көрген зерттеу еңбектері [6]; үшіншіден, замандастарының естеліктері мен публицистикалық очерктері, бұқаралық ақпарат құралдары мен ашық интернет-ресурстарында жарияланған материалдар [7, 8]; одан басқа ресми анықтамалық және архивтік деректер [9].

Талдауға Жұмабек Тәшеневтің тұлғасы тарихи қайраткер, мемлекет қызметкері және ұлттық бірегейліктің символы ретінде сипатталған түрлі дереккөз енгізілді. Бұл деректер 1980-жылдардың соңы мен бүгінгі кезең арасындағы мерзімді қамтиды.

Зерттеу барысында бір-бірін толықтыратын бірнеше талдау тәсілдері қолданылды.

1. Нарративтік талдау әдісі

Бұл әдіс арқылы Тәшенев туралы мәтіндердегі оқиғалардың реттілігі, негізгі сюжеттер мен жиі қайталанатын мағыналық үлгілер («еңбек – қызмет – ерлік – жад»)

анықталды. Талдау мәтін мазмұны мен композициялық құрылымына, сондай-ақ баяндау стилі мен риторикалық тәсілдеріне бағытталды.

2. Дискурстық талдау әдісі

Бұл тәсіл Жұмабек Тәшеновтің бейнесінің қоғамдық және саяси дискурста қалай көрініс табатынын анықтауға мүмкіндік берді. Мәтіндердегі идеологиялық маркерлер, ұлттық сана мен патриотизмге қатысты ұғымдар талданды. Талдау барысында «жеке – ұжымдық», «ұлттық – кеңестік» сияқты мағыналық қарама-қарсылықтар айқындалды.

3. Герменевтикалық және мәдени талдау әдісі

Герменевтикалық тәсіл мәтіндердегі жасырын мағыналарды, мәдени кодтар мен символдық мазмұнды ашуға бағытталды. Бұл әдіс Тәшенев тұлғасының халық жадында символдық бейнеге айналуын түсіндіруге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, оның есімінің қоғамдық кеңістікте орнығуы – көше атаулары, ескерткіштер, БАҚ-тағы жарияланымдар арқылы талданды.

4. Тарихи-салыстырмалы әдіс

Тәшенов туралы нарративтер кеңестік және қазақстандық өзге де мемлекет қайраткерлері (С. Мендешев, Д. Қонаев, Т. Бигелдинов және т.б.) туралы баяндаулармен салыстырылып, оның бейнесінің өзіндік ерекшелігі анықталды.

Зерттеу деректері келесі жолдармен жинақталып, жүйеленді:

- академиялық және медиялық дереккөздердегі мәтіндерді іріктеу және кодтау;
- биографиялық материалдардағы басты тақырыптар мен символдарды контент-талдау арқылы анықтау;
- әртүрлі дереккөздердегі мәліметтерді салыстырып, уақыттық және мазмұндық сәйкестіктерін тексеру;
- мәтіндерді негізгі тақырыптық категориялар бойынша жүйелеу («қызмет», «жер», «жауапкершілік», «мұра» және т.б.).

Деректерді өңдеу барысында олар уақыты, дереккөзі мен авторлық ұстанымы бойынша топтастырылды (ғылыми, публицистикалық, деректік).

Зерттеу іріктемесі мақсатты іріктеу әдісімен жасалды. Іріктемеге Жұмабек Тәшенов туралы биографиялық элементтері бар және оның қоғамдық қабылдануын бейнелейтін мәтіндер енгізілді. Таңдау критерийлері мыналар болды:

- дереккөздің сенімділігі мен ғылыми беделі;
- баяндау құрылымының нарративтік сипаты (сюжет, кейіпкер, шиеленіс, моральдық қорытынды);
- Тәшеновтің бейнесінің ұлттық сана мен тарихи жад контексінде берілуі.

Осы тәсіл арқылы жиналған материалдар ресми, ғылыми және халықтық жад деңгейлеріндегі нарративтерді қамтып, тұлғаның бейнесін әртүрлі әлеуметтік-мәдени контексте талдауға мүмкіндік берді.

Қолданылған материалдар мен әдістердің үйлесімділігі Жұмабек Тәшеновтің өмір жолын сипаттайтын биографиялық нарративті кешенді түрде зерттеуге, оның жеке өмірінен ұлт жадындағы символдық тұлғаға айналу үдерісін ғылыми тұрғыда ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Зерттеу нәтижелері Жұмабек Ахметұлы Тәшенов тұлғасына қатысты биографиялық нарративтің көпқабатты және көпқызметті құрылымға ие екенін көрсетті. Талдау барысында нарративтің мазмұны, идеялық бағыты және оның ұжымдық жадтағы орны үш деңгей бойынша жүйеленді:

1. Тарихи-фактілік деңгей (өмір деректері мен қызмет жолы),

2. Мәдени-символдық деңгей (кейіпкер бейнесінің ұлттық санада мағыналану жолдары),

3. Қоғамдық-дискурстық деңгей (қазіргі ақпараттық және ғылыми кеңістіктегі интерпретациялар).

Жиналған деректерді нарративтік талдау нәтижесінде Ж. Тәшеновтің өмірі көбіне «ұлттық әділдік пен азаматтық жауапкершіліктің үлгісі» ретінде баяндалатыны анықталды.

Кесте 1. Жұмабек Тәшеновтың қызметтік кезеңдері нарративтерде үш негізгі желі арқылы өрбуі

Кезең	Басты идея/сюжет	Негізгі мазмұн мен мән	Дереккөздер
1940-1955 жж.	Мемлекеттік қызметтегі қалыптасу	Тәшеновтің еңбек жолы мен басқарушылық қабілеті, адалдығы мен қарапайымдылығы сипатталады	<i>Еңсенов Қ., Дүйсен С. (2010)</i>
1955-1961 жж.	Ел тұтастығын қорғау кезеңі	Солтүстік облыстарды Ресейге қосу мәселесіне қарсы тұруы нарративтің өзегін құрайды	<i>Inform.kz, Қазақ тарихы, халық естеліктері</i>
1962-1986 жж.	Құғын және ұмытылу кезеңі	Саяси қысым, қызметтен босату, кейінгі үнсіздік – «құрбандық пен адалдық» мотивімен байланыстырылған	<i>Malim.kz, естелік жинақтар</i>

Бұл кезеңдерде «қызмет – күрес – мұра» ұштағаны негізгі нарративтік құрылым ретінде айқындалды.

Герменевтикалық талдау көрсеткендей, Ж. Тәшенов бейнесі әр кезеңде әртүрлі әлеуметтік контексте мағыналанып отырған:

Кесте 2. Жұмабек Тәшеновтың бейнесі әр түрлі әлеуметтік контексте

Жад деңгейі	Қабылдау формасы	Мазмұндық сипаттама
Ресми деңгей (мемлекеттік дискурс)	Мақалалар, энциклопедиялар, мерейтойлық іс-шаралар	Тәшенов – «ел тұтастығын қорғаған мемлекет қайраткері», тарихи әділеттіліктің символы
Ғылыми деңгей (академиялық зерттеулер)	Монографиялар, ғылыми мақалалар	Тұлғаның саяси және әлеуметтік қызметі деректік тұрғыда талданады
Халықтық (мәдени) деңгей	Естеліктер, БАҚ, әлеуметтік желілер, ауызша тарих	Тәшенов – батыл, әділ, қарапайым, ұлт мүддесін қорғаған тұлға ретінде көрініс табады

Бұл талдау Тәшенов бейнесінің көпдеңгейлі ұжымдық естеліктер жүйесінде орныққанын көрсетеді. Әрбір деңгейде оның бейнесі түрлі әлеуметтік топтардың құндылықтарына сәйкес жаңаша мағыналанып отыр.

Дискурстық талдау барысында Тәшенов туралы мәтіндерде келесі негізгі идеялық маркерлер жиі қайталанатыны анықталды:

- Патриотизм мен ұлтқа адалдық – Тәшеновтің қызметі ұлттық тұтастық идеясымен тығыз байланыстырылған;
- Билік пен әділдік қарым-қатынасы – оның бюрократиялық қысымға қарсы тұра білуі халықтық сенімге айналған;
- Жеке тұлға мен жүйе арасындағы қайшылық – оның қызметтен шеттетілуі саяси құрбандық ретінде түсіндіріледі;
- Ұлттық жадтың жаңғыруы – кейінгі жылдары тұлға бейнесінің қайта танылуы мен мәдени кеңістікке енуі (ескерткіштер, көше атаулары, БАҚ материалдары).

Бұл мағыналар жиынтығы Тәшенов туралы нарративті ұлттық тарихи әділдікті қалпына келтіру құралына айналдырған.

Жалпы зерттеу нәтижелері биографиялық нарративтің тек өмірбаяндық баяндау емес, мәдени және идеологиялық конструкт екенін дәлелдейді. Ж. Тәшенов туралы нарратив:

- қоғамның тарихи әділдікке деген сұранысын бейнелейді;
- ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді;
- тұлғаның бейнесін әлеуметтік жадта тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Тәшенов туралы нарративтің динамикалық сипаты бар – ол әр дәуірдің саяси және мәдени жағдайына байланысты өзгеріп, жаңаша түсіндіріледі.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, биографиялық нарратив тек жеке өмірлік тәжірибені бейнелеу тәсілі ғана емес, сонымен қатар ұжымдық жад пен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Талдауға алынған материалдар негізінде Жұмабек Ахметұлы Тәшенов туралы нарративтің тарихи репрезентация, мәдени мағына беру және ұлттық құндылықтарды символдық тұрғыда заңдастыру қызметін атқаратыны анықталды.

Біріншіден, зерттеу нәтижелері Тәшенов туралы биографиялық нарративтің құрылымдық өзегін «қызмет – күрес – мұра» үштағаны құрайтынын көрсетті. Бұл нарративтік код тұлғаның өмір жолының негізгі кезеңдерін — мемлекеттік қызметтегі табандылықты, саяси қысымға қарсы тұруды және есімінің тарихи жадта сақталуын – бейнелейді.

Екіншіден, Тәшенов туралы нарративтің көпқабатты сипаты айқындалды:

- Ресми деңгейде – ол елдің аумақтық тұтастығын қорғаған мемлекет және қоғам қайраткерінің бейнесі ретінде орныққан;
- Ғылыми деңгейде – Тәшенов тұлғасы саяси мәдениет пен басқару этикасының талдау нысаны ретінде қарастырылады;
- Халықтық-мәдени деңгейде – ол әділдік, адалдық пен отансүйгіштіктің символы ретінде қабылданады.

Осылайша, Тәшеновтің бейнесі түрлі жад типтерінде қатар өмір сүріп, тарихи тәжірибенің сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Салыстырмалы талдау нәтижелері көрсеткендей, алынған тұжырымдар жалпы нарратив пен жад теорияларына сәйкес келеді, бірақ сонымен бірге қазақстандық тарихи-

мәдени контексті кеңейте түседі. Батыстық зерттеулер негізінен өркениеттік және әдеби мысалдарға сүйенсе, бұл зерттеу посткөненілік қоғам жағдайында биографиялық нарративтің тарихи сабақтастықты қалпына келтіру және ұлттық сана мен бірегейлікті нығайту құралына айналғанын дәлелдейді.

Әдебиет:

1. Рикёр П. *Время и рассказ. Том I-III.* – Москва: Университетская книга, 2000. (ориг. фр. *Temps et récit*, 1983-1985).
2. Хальбвакс М. *Социальные рамки памяти.* – Москва: Новое издательство, 2007. (ориг. *Les cadres sociaux de la mémoire*, 1925).
3. Ассман Я. *Культурная память: Письмо, память о прошлом и политическая идентичность в высоких культурах древности.* – Москва: Языки славянской культуры, 2004.
4. Ассман А. *Долгая тень прошлого: Мемориальная культура и историческая политика.* – Москва: Новое литературное обозрение, 2014.
5. Еңсенов Қ., Дүйсен С. *Жұмабек Тәшенев.* – Астана: Фолиант, 2010.
6. *Жұмабек Тәшенев – ел тарихындағы әділдік пен қайсарлық символы.* – Inform.kz, 2025.
7. *Қазақ жерін қорғап қалған қайраткер – Жұмабек Тәшенев.* – Malim.kz, 2023.
8. *Жұмабек Ахметұлы Тәшенев* // Wikipedia.org, жаңартылған 2025 ж.
9. *Қазақстан Ұлттық электронды кітапханасы (Kazneb.kz) – <https://kazneb.kz>*
10. Foucault M. *The Order of Discourse.* – Paris: Gallimard, 1971.

References:

1. Ricoeur, P. *Time and Narrative.* Vols. I-III. – Moscow: Universitetskaya Kniga, 2000. (Original work published in French as *Temps et récit*, 1983-1985).
2. Halbwachs, M. *The Social Frameworks of Memory.* – Moscow: Novoe Izdatelstvo, 2007. (Original work published in French as *Les cadres sociaux de la mémoire*, 1925).
3. Assmann, J. *Cultural Memory: Writing, Remembrance of the Past, and Political Identity in the High Cultures of Antiquity.* – Moscow: Languages of Slavic Culture, 2004.
4. Assmann, A. *The Long Shadow of the Past: Memorial Culture and Historical Politics.* – Moscow: New Literary Review, 2014.
5. Yensenov, K., & Duysen, S. *Zhumabek Tashenov.* – Astana: Foliant, 2010.
6. *Zhumabek Tashenov – A Symbol of Justice and Courage in the History of the Nation.* – Inform.kz, 2025.
7. *The Statesman Who Defended Kazakh Land – Zhumabek Tashenov.* – Malim.kz, 2023.
8. *Zhumabek Akhmetuly Tashenov.* // Wikipedia.org, updated in 2025.
9. *National Electronic Library of Kazakhstan (Kazneb.kz) – <https://kazneb.kz>*
10. Foucault, M. *The Order of Discourse.* – Paris: Gallimard, 1971.

Information about the authors

Ilyassova G.S. – Head of Department History of Kazakhstan and Law, Associate Professor, PhD, Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: gauhartas81@mail.ru;
Shupanova Zh.Zh. – corresponding author, master’s student, Department of History of Kazakhstan and Law, Manash Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Petropavlovsk, Kazakhstan; e-mail: shupanova.zhaniya@mail.ru.